



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №674849/2022/4

10.03.2022 жылғы

АҚ "Алматинские электрические станции", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Сенімхат №1516633555 30.12.2021 бастап, негізінде әрекет ететін Управляющий директор по обеспечению Айкынбаев Данияр Еркинович атынан, бір жағынан, және Жеке кәсіпкер "Vega Group" бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Жеке кәсіпкердің куәлігі: Серия 6007 № 0010957 от 15.10.2014, негізінде қызмет ететін Жеке кәсіпкер Шинкарёва Анастасия Сергеевна атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2019 жылғы «9» қыркүйектегі № 31/19) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 674849 негізінде осы тауарларды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және олар болған кезде оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда: 1) Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі (Тауардың атауы және қысқаша сипаттамасы, тауардың бағасы, сомасы, саны, ақы төлеу түрлерінің арақатынасы, тауарды жеткізу мерзімі мен жеткізу орны (№1 қосымша); 2) Техникалық ерекшелік (№2 қосымша) 3) Жергілікті қамту үлесін есептеу нысаны (№3 қосымша); 4) Қоғамның қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы жеткізушіге (Тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) қойылатын талаптары (№4 қосымша); "Алматы электр станциялары" АҚ құпия ақпаратын жарияламау туралы міндеттеме (№5 қосымша); Контрагент сауалнамасының нысаны (№6 қосымша)

1.3. Осы Шартқа қол қоя отырып, Жеткізуші тауарлардың өзіне меншік құқығымен тиесілі, оларды қалыпты пайдалануға мүмкіндік беретін жай-күйде екенін, тыйым салынбағанын, кепілмен және үшінші тұлғалардың шағымдарымен ауыртпалық салынбағанын растайды.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 921200.00 (тоғыз жүз жиырма бір мың екі жүз) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Стандартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу Тараптар тауарды қабылдап алу-беру актісіне (Тапсырыс берушінің нысаны бойынша) қол қойғаннан кейін және Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді растайтын тиісті түрде ресімделген құжаттар ұсынылғаннан кейін, Тапсырыс берушіде тауарды жеткізу сапасына, санына және мерзіміне наразылықтар болмаған кезде жүргізіледі.

2.4. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.5. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Өнім беруші авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Стандарттың 45-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.5.1. Стандарттың 45-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванстық төлем (алдын ала төлем) _____ мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсыну негізінде жүргізіледі:

2.5.1.1. Төлем шоты;

2.6. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.6.1. Электрондық құжат нысанында шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы жергілікті қамту үлесін есептеу (электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады).

2.6.2. Шот-фактуралар;

2.6.3. Қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжат;

2.6.4. zakup.sk.kz сатып алу порталы арқылы тауарды қабылдап алу-беру электрондық актісі/тауар (лар) актісіне ілеспе хат.

2.7. Сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен жасалған шарт бойынша есеп айырысуды, оның ішінде түпкілікті есеп айырысуды жүзеге асыруды Тапсырыс беруші Тараптар тауардың жеткізілгенін растайтын актілерге қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізуге тиіс.





2.8. Тапсырыс беруші төлемге арналған құжаттар пакетін уақытылы ұсынбауға байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.9. Нақты жеткізілген тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

2.10. Төлем валютасы: теңге.

2.11. Шот-фактура Тапсырыс берушіге тауарларды қабылдау-беру актісі ресімделген күннен кешіктірілмей жазып беріледі және Тапсырыс берушіге тауар жеткізілімінің ағымдағы айының соңғы күнінен кешіктірілмей беріледі.

2.12. Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген шарттың сомасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген салықтардың барлық түрлерін және міндетті төлемдерді, сондай-ақ Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық ықтимал шығыстарды (Тізілімге енгізуді, буып-түюді, таңбалауды, тасымалдауды және осы Шарттың 3.7-тармағында көрсетілген құжаттарды ресімдеуді қоса алғанда) қамтиды.

2.13. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.14. Егер сатып алу туралы шарт сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен жасалатын болса, өнім беруші авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей төленуі тиіс шарт сомасының кемінде 30% мөлшерінде алдын ала төлем жүргізіледі (ұзақ мерзімді сатып алу кезінде – ұзақ мерзімді шарттың келесі 12 (он екі) айында тауарды жеткізу үшін көзделген соманың кемінде 30% - ы).

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші тауарды мекенжайы бойынша және Шартқа №1, №2 қосымшаға сәйкес мерзімінде жеткізуге міндетті.

3.2. Қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжат бойынша Тапсырыс берушінің қоймасына тауарды жеткізу күні тауарды жеткізу күні болып есептеледі, ал Тапсырыс берушінің тауарды қабылдау-беру актісіне (Тапсырыс берушінің нысаны бойынша) қол қойған күні тауарды саны, сапасы және жиынтықтылығы бойынша қабылдау күні болып есептеледі. Тауарды Жеткізуші береді және Тапсырыс беруші қабылдау-беру актісіне және Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес саны, сапасы және жиынтықтылығы бойынша қабылдайды. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупі Тапсырыс беруші қабылдап алу-беру актісіне қол қойған күннен бастап Жеткізушіден Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

3.3. Шарт бойынша тауардың барлық санын жеткізуді Жеткізуші осы Шарттың №1 және №2 қосымшаларында көрсетілген жеткізу мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

3.4. Тауарлардың кіріс бақылауын Тапсырыс берушінің ішкі құжатталған рәсімі жөніндегі комиссия жүзеге асырады. Тауарды кіріс бақылау және қабылдау - беру кезінде Жеткізуші өзінің уәкілетті өкілінің жеке қатысуын қамтамасыз етеді.

3.5. Тапсырыс берушіде Тауарларды көзбен шолып қарау кезінде, сондай-ақ жеткізілетін Тауарларға кіру бақылауын жүргізу кезінде анықталуы мүмкін Тауарлардың сапасына ескертулер болған кезде Тауарларды қабылдау -беру актісіне Тапсырыс беруші қол қоймайды, ал кіріс бақылауынан өтпеген сапасы лайықсыз Тауарлар Шартқа сәйкес келетін Тауарларға ауыстыру үшін Жеткізушіге қайтарылады.

3.6. Тапсырыс берушіде Тауарлардың санына қатысты ескертулер болған жағдайда Тауарларды қабылдау-беру актісіне Тараптар жеткізілген тауардың нақты саны үшін қол қояды.

3.7. Тауарларды жеткізуді Жеткізуші мынадай құжаттарды қоса бере отырып, сатып алынатын тауарлар тізбесінде айтылған Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады:

1) Жеткізушінің шот – фактурасы; 2) Қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжат; 3) Дайындаушының кепілдік сертификаты; 4) Тауардың шығу тегі туралы сертификат; 5) Сапа паспорты; 6) Жабдықты жеткізу жағдайында пайдалану жөніндегі нұсқаулық; 7) Зауыттық сынақтардың нәтижелері.

3.8. Тауар берудің жалпы мерзімі осы шартта айқындалған тауар жеткізілімі мерзімінен аспауға тиіс.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында берілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесін есептеу (жүйеде ұсынылады). Соңғы қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.2.2. Шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) СТ-KZ нысаны сертификатының (сертификаттарының) электрондық көшірмесі (көшірмелері)(Жүйеде ұсынылады). Стандарттың 37-бабының 6-тармағына сәйкес «қарапайым заттар экономикасы» тауарларын жеткізу кезінде түпкілікті қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуы талап етуге құқығы жоқ.





- 4.1.4. 5 жұмыс күні ішінде жеткізуге Шарт жасасқаннан кейін Тапсырыс берушімен тауардың техникалық сипаттамаларын келісуді жүргізу және тиіп- жөнелтуге жазбаша растау алу (қосалқы бөлшектер мен механизмдерге жататын Тауарларды жеткізген жағдайда).
- 4.1.5. Тапсырыс берушіге жөнелтілетін күнге дейін тауардың сапасы мен санының сәйкестігін тексеру. Тауарды қабылдау-беру процесінде Шарт талаптарына сәйкес келетін тауардың сапасы мен санын растау.
- 4.1.6. Кіріс бақылауынан өтпеген сапасы лайықсыз тауарды 3 жұмыс күні ішінде алып кету.
- 4.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген түрдегі Шарт мәніне сәйкес қорларды босатуға арналған жүкқұжат және қабылдау-тапсыру актісі бойынша тауарды тапсыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактураны жазып беру.
- 4.1.8. Тауардағы жергілікті қамту шарт сомасының [міндетті жергілікті қамту пайызы] % мөлшерінде қамтамасыз етілсін.
- 4.1.9. Тауардағы жергілікті қамту үлесі бойынша берілетін ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Жергілікті қамту үлесі бойынша дұрыс емес ақпарат ұсынылған жағдайда, Жеткізуші Стандарт пен Шартқа сәйкес жауапты болады.
- 4.1.10. Жеткізуші Тапсырыс берушіге өзі жеткізетін тауарлар сапасының мемлекетаралық, МЕМСТ ұлттық стандарттарына, техникалық ерекшелікке, зауыттық сипаттамаларға, осы Шарттың қосымшаларына сәйкес тауарларды сатып алуды жүргізу талаптарына сай сәйкестігіне кепілдік береді. Тауарларды дайындау мерзімі 2021-2022 жылдан ерте болмауы керек.
- 4.1.11. Өнім беруші Тапсырыс берушіге өзі берген тауарлардың бостығына және өнеркәсіптік немесе басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғалардың кез келген құқықтары мен талаптарынан бос болатынына кепілдік береді.
- 4.1.12. Жоғарыда аталған тармақтардың ешқайсысы Жеткізушіні осы Шарт бойынша кепілдіктерден немесе басқа міндеттемелерден босатпайды.
- 4.1.13. Жеткізуші тауарларды соңғы межелі жерге тасымалдау кезінде олардың бүлінуінен немесе бүлінуінен сақтай алатын ораумен қамтамасыз етуі тиіс. Қаптама ешқандай шектеусіз, қарқынды көтеру-тасымалдау өңдеуіне және тасымалдау кезінде әсерлерге төтеп беруі тиіс. Қаптама және таңбалау "Өнімді таңбалауға қойылатын талаптар" техникалық регламентінде немесе Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес айқындалған арнайы талаптарға қатаң сәйкес келуі тиіс. Қаптама экспорттық қаптама стандарттарына сәйкес келуі және тауарларды Тапсырыс берушіге толық жеткізуді және кез-келген зақымданудан сақтауды қамтамасыз етуі керек.
- 4.1.14. Жеткізуші мерзімінде және қауіпсіздікті сақтай отырып, осы Шарт бойынша жеткізілетін тауарларды өз қаражаты мен өз есебінен межелі жеріне түсіруді қамтамасыз етеді.
- 4.1.15. Жеткізуші осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек және Экологиялық кодекстерінің талаптарын орындауға міндеттенеді.
- 4.1.16. Ақаулы тауарды жеткізген жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушінің Шарт талаптарында көзделген талаптарын өз есебінен орындауға міндетті.
- 4.1.17. Осы Шартты жасай отырып, Жеткізуші шарт жасасу кезінде коронавирус пандемиясына байланысты кейбір шектеулер қолданылатынын және қандай да бір шектеу шараларына байланысты Шарттың талаптарын тиісінше орындаудың белгілі бір тәуекелдері бар екенін толық түсінеді, сонымен бірге Жеткізуші Шартты уақтылы және тиісінше орындау жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдайды және жоғарыда көрсетілген мән-жайлар оның кәсіпкерлік тәуекелімен қамтылатынына келіседі.
- 4.1.18. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан тауар жеткізуді жүзеге асыратын ҚР бейрезидент-жеткізушісі: Тапсырыс берушіге тауарды жөнелту күнінен кешіктірмейтін мерзімде тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды (бұдан әрі-ТІЖ) толтыру үшін қажетті келесі міндетті деректемелерді ұсыну:
- тауарды автомобиль көлік құралдарымен жөнелту кезінде-нақты көлік туралы деректер (автомобиль көлік құралының маркасы; автомобиль көлік құралының/тіркеменің мемлекеттік нөмірі; жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде); жүргізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/салық төлеушінің жеке нөмірі).
 - темір жол көлігімен жеткізу кезінде-вагонның нөмірі.
 - әуе көлігімен жеткізу кезінде-әуе кемесі бортының нөмірі.
- 4.1.19. - Осы Шарт жасалған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге контрагенттің толтырылған, қол қойылған және мөрмен бекітілген сауалнамасының (Шартқа №6 қосымша) сканерленген көшірмесін ұсыну қажет. Егер Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы шарт жасалғанға дейін бір ай ішінде Тапсырыс берушімен жасалған басқа шарттар бойынша контрагенттің сауалнамасын берген болса, онда оларды қайта ұсыну талап етілмейді.
- Өнім беруші контрагенттің сауалнамасында көрсетілген ақпараттың толық және дұрыс болып табылатынына кепілдік береді.
- 4.2. Тапсырыс беруші міндетті:
- 4.2.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.
- 4.2.2. Тапсырыс берушінің қоймасына қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжат бойынша тауарды нақты жеткізу сәтінде тауарды жеткізу күнін белгілеу.
- 4.2.3. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-





өткізу актісіне қол қою.

4.2.4. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.2.5. Жеткізушіден көрсетілген құжатты алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеткізуші берген тауарды қабылдау-беру актісі бойынша саны, сапасы және жинақтылығы бойынша қабылдауға не көрсетілген мерзімде тауарларды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жіберуге міндетті. Жеткізілген тауардың ақаулары болған кезде ақауларды жою мерзімін көрсете отырып, ақаулардың тізбесін Жеткізушіге жіберсін.

4.2.6. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге төлеген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді қайтару.

4.2.7. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға.

4.3. Өнім беруші құқылы:

4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта белгіленген төлемді (төлемдерді) талап ету.

4.3.2. Тапсырыс берушіден тауарды уақытылы қабылдауды және беру-өткізу актісіне қол қоюды талап ету;

4.3.3. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақытылы қайтаруды талап ету;

4.3.4. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақытылы қайтаруды талап ету.

4.3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Стандартта және (немесе) Шартта аталған негіздемелер бойынша Шартты бұзу.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Стандартта және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу.

4.4.4. Жеткізушіден сыйақының, өсімпұлдың және келтірілген залалдың сомасын төлеуді талап ету.

4.4.5. Сапасы лайықсыз тауарды беру анықталған кезде өз таңдауы бойынша Жеткізушіден талап етуге құқылы:

- сатып алу бағасын мөлшерлес кеміту;

- тауардың кемшіліктерін қисынды мерзімде өтеусіз жоюды талап етуге құқылы;

- тауардағы ақауларды жоюға жұмсаған шығындарын өтеу;

тиісті сапасы жоқ тауарды Шартқа сәйкес келетін тауарға ауыстыру;

- шартты орындаудан бас тартуға және қ тауар үшін төленген ақшалай соманы қайтаруға.

4.4.6. Шарттың талаптарында көзделген сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемін біржақты тәртіппен азайту.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың мемлекетаралық, МЕМСТ ұлттық стандарттарына, дайындаушының ТШ, техникалық ерекшелікке және шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі осы Шартта көзделген құжаттардың негізінде қарап-тексеру жолымен, сондай-ақ жеткізілетін тауарларға кіріс бақылауын жүргізу жолымен жүзеге асырады.

5.3. Жеткізілген тауардың саны, сапасы және толықтығы мәселелері бойынша талапты Тапсырыс беруші Өнім берушіге тауарды нақты алған сәттен бастап немесе әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес ақаулар (жасырын ақаулар) анықталған жұмыс күні ішінде 10 (он) ұсынады. Егер Өнім беруші 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Өнім беруші таныды деп есептеледі және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарлама алған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күндері ішінде тауардың жеткіліксіз жеткізілген және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді. Сапасыз тауарды ауыстыру қажет болған жағдайда дайындау және жеткізу мерзімі ұзақ уақытты алатын болса, онда мұндай тауарды ауыстыру мерзімін Тараптар растаушы құжаттарды қоса бере отырып келіседі.

5.4. Тауардың саны және/не талап етілетін сапасы мен жиынтықтылығы жеткіліксіз болған жағдайда, өнім беруші 15 (он бес) жұмыс күні ішінде тауардың жетіспеген бөлігін және/не талап етілетін сапасы мен жиынтықтылығы тауарын жеткізуге міндеттенеді, бұл ретте тауардың жетіспеген бөлігін жеткізу жөніндегі шығыстар өнім берушінің есебінен жүзеге асырылады. Сапасыз тауарды ауыстыру қажет болған жағдайда дайындау және жеткізу мерзімі ұзақ уақытты алатын болса, онда мұндай тауарды ауыстыру мерзімін Тараптар растаушы құжаттарды қоса бере отырып келіседі.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Жеткізуші жеткізілетін Тауарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді, сондай-ақ жаңа және пайдаланылмаған болып табылады. Жеткізуші Шарт бойынша жеткізілген Тауардың дайындаушы зауыт белгілеген қызмет ету мерзімі ішінде жеткізілген тауарды қалыпты пайдаланған кезде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына





байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап орнатылған кепілдікті 12 месяцев мерзім ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Тауар сапасына кепілдік оның барлық құрамдас бөліктеріне (жиынтықтаушы бұйымдарына) де қатысты.

6.4. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған тауар (жиынтықтаушы бұйым) үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.

6.5. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.6. Жоғарыда көрсетілгеннің бірде-бір тармағы Жеткізушіні осы Шарт бойынша кепілдіктерден немесе басқа да міндеттемелерден босатпайды.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта белгіленген жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізудің әр өткізіп алған күні үшін уақытында жеткізілмеген Тауарлардың бағасынан 0,01% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% артық емес мөлшерде айыппұлды төлеуге міндетті;

7.2.2. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шарттың қолданылу мерзімінің соңына дейін өз міндеттемелерін бас тартқан немесе орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіден шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Жеткізуші Шарттың қолданылу мерзімінің соңына дейін өз міндеттемелерінің бір бөлігінен бас тартқан немесе орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіден Шарттың орындалмаған сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.3. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші жеткізілген тауарды қабылдау-беруді растайтын тиісті Қабылдау-беру актісіне тараптар қол қойғанға дейін Өнім беруші төлеуі тиіс Шарттың жалпы құнының 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

7.2.4. Өнім беруші анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін шарт талаптарына сәйкес негізсіз бұзған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақы төлейді.

7.2.5. Кондициялық емес (сапасыз) Тауарды жеткізгені үшін Тапсырыс беруші Жеткізушіге тиесілі Шарт бойынша төлемді ұстап қалу жолымен кондициялық емес (сапасыз) Тауар сомасының 15% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы, бұл туралы Жеткізушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберілетін болады.

7.2.6. Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ шарт сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақы төлейді.

7.2.7. Жеткізуші қоғамның қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы талаптарын сақтамағаны үшін Тапсырыс беруші Жеткізушіден Шарт бойынша Жеткізушіге тиесілі төлемді ұстап қалу арқылы Шарт сомасының 1% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы, бұл туралы Жеткізушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберілетін болады.

7.2.8. Кіру бақылауын жүргізу кезінде Тапсырыс беруші Тауардың сатып алынатын санаттарына белгіленген мемлекетаралық, ұлттық стандарттарға, МЕМСТ, ТШ, техникалық ерекшелікке (Шартқа №2 қосымша) ақауларды, жарамсыздықты және (немесе) сәйкессіздіктерді анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден кіріс бақылауынан өтпеген Тауар құнының 15% мөлшерінде айыппұл талап етуге құқылы. Егер сапасы лайықсыз Тауарларды жеткізу нәтижесінде жабдықтың тұрып қалуы және жабдықтың техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің нашарлауы үшін шығындар туындауы мүмкін болса, осы кезеңде Тапсырыс беруші оларды Жеткізушіден ҚР заңнамасына сәйкес өндіріп алуға құқылы.

7.2.9. Өнім беруші тауарды жеткізу мерзімін күнтізбелік 30 күннен артық кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұлды қолдана отырып және орындалмаған міндеттемелер көлемінің күшін жоя отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте, өнім берушіге

7.2.1-тармақтың шарттары қолданылмайды.

7.2.10. Тапсырыс беруші пайдаланудағы бұрынғы тауарды кіріс бақылау кезеңінде анықтаған кезде, Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты кіріс бақылаудан өтпеген тауар құнының 10% мөлшерінде айыппұл түріндегі тұрақсыздық айыбын қолдана отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Егер бұрын қолданыста болған тауарды жеткізу нәтижесінде жабдықтың тұрып қалуы





және жабдықтың техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің нашарлауы үшін шығындар туындауы мүмкін болса, осы кезеңде Тапсырыс беруші оларды Жеткізушіден ҚР заңнамасына сәйкес өндіріп алуға құқылы.

7.2.11. - Осы Шартта белгіленген мерзімде контрагенттің сауалнамасы ұсынылмаған жағдайда (Шартқа №6 қосымша) тапсырыс беруші Өнім берушіден Тапсырыс берушінің хабарламасын алған сәттен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде контрагенттің сауалнамасын ұсыну туралы талабы көрсетілетін тиісті хабарламаны жіберу арқылы шарттың жалпы сомасының 1% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

Егер Өнім беруші хабарламада белгіленген мерзімде контрагенттің сауалнамасын ұсынбаса, сондай-ақ Өнім берушінің контрагенттің сауалнамасында анық емес ақпарат бергені анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберіп, біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шарт бұзылған кезде Өнім берушінің шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар.

7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Егер Өнім беруші Шарттың 4.1.3-тармағында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады және әлеуетті Өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.5. Егер Жеткізуші Шартта көрсетілген мерзімде кіріс бақылаудан өтпеген сапасы лайықсыз Тауарды алып кетпесе, Тапсырыс беруші оның сақталуы үшін жауапкершіліктен бас тартады.

7.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.6.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақыны төлейді.

7.6.2. Өнім беруші ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақыны төлейді.

7.6.3. Өнім беруші ұсынған шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақына төлеуге тиіс.

7.6.4. Тапсырыс беруші тауарды қабылдауды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірген сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақыны төлейді.

7.6.5. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірген сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімақыны төлейді.

7.6.6. Тапсырыс беруші құжаттарды негізсіз уақытылы ұсынбаған жағдайда (егер шарт талаптары бойынша Тапсырыс берушінің тауарды жеткізу үшін өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан өнім беруші шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Өнім беруші тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудан келтірілген шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

7.6.7. Шарттың бұзылуына әкеп соққан Шарттың қолданылу мерзімінің соңына дейін Тапсырыс беруші өз міндеттемелерінен бас тартқан жағдайда, Шарттың 11-бөлімінде және 8.3-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, Жеткізуші Тапсырыс берушіден Шарттың жалпы сомасының 15% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.7. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін негізсіз бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Холдингінің сенімсіз Өнім берушілерінің тізбесіне өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу жөніндегі Қордың операторына белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.8. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды негізсіз бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған шығындарды ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем сомасынан аз сомаға тауарды іс жүзінде жеткізу кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші авансты қайтаруды қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.11. Тауарды уақытылы жеткізбегені немесе жеткізуден бас тартқаны үшін Шарт талаптарына сәйкес жеткізілетін тауарды тауар





өндірушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімақылардың) жалпы мөлшері шарт сомасының 10% - ынан аспауға тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Стандартқа сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Стандарттың тиісті тармағында (тармақтарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Тауарларды сатып алудың орынды еместігіне байланысты:

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Алқалы атқарушы органның/Байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (Алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда).

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді негізді жөнсіздікке байланысты Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарды өтеген жағдайда жол беріледі.

8.4. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуге тиіс.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда Өнім беруші Шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

8.5. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасаған шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді.

Мұндай жағдайда келісім-шартты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Шартты бұзу күніне қарай нақты шығындарды өтеу шартымен Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзуға болады.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындар мен шығыстарды, сондай-ақ қойылған өсімақы мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Шартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар тиісті түрде ресімделсе және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған болса, жарамды болып табылады.

8.8. Жеткізуші Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне және (немесе) жалған кәсіпорындардың тізбесіне енгізілген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұза алады.

9. Хабарламалар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар кіріс құжаттың нөмірін тіркей отырып немесе кейіннен факс/электрондық нұсқа алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық пошта арқылы кеңсеге алдын ала берілуге тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы алуды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескерту пошталық жеткізуді растайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

9.6. Мәліметтер өзгерген жағдайда, Тараптар барлық өзгерістер туралы 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде бір-бірін хабардар етуге міндетті. Әйтпесе, шығынды кінәлі тарап көтереді.

10. Шарттың мерзімі





10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және по 31.12.2022 года қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

10.2. Тараптардың ақы төлеуге және кепілдіктерге байланысты міндеттемелері бөлігінде Шарт Тараптар осы міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемиялар, карантиндер, эмбарго және басқалары сияқты әрекеттер кіруі мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

